



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

*Р.Т. Емелбаев* Р.Т. Емелбаев

« » 2023 ж.

**«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған  
тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша педагог қызметкерлерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі. Әскери қызметтің құқықтық негіздері	01	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизм түрлері
02	Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары Тактикалық дайындық.	02	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары. Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары. Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы.
03	Атысқа дайындық.	03	Калашников автоматы және қол пулеметі
		04	Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау

04	Саптық дайындық. Әскери топография	05	Сап және оның басқару. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс.
05	Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	06	Ядролық қару және оның сипаттамасы
		07	Химиялық қару.
		08	Биологиялық (бактериологиялық) қару
		09	Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары. Теріні қорғаудың жеке құралдары. Ұжымдық қорғану құралдары
		10	Халықты шоғырландыру мен көшіру. Табиғи жағдайда автономды өмір сүру
		11	Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері. Террористік акт қаупі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері. Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

##### **Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі:**

Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизм түрлері

##### **Әскери қызметтің құқықтық негіздері:**

Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері.

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары:**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары. Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары. Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы.

**Атыс дайындығы:**

Калашников автоматы және қол пулеметі. Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау. Жарықшақты қол гранаталары. Ату негіздері. Ату ережесі

**Саптық дайындық:**

Сап және оның басқару. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс. Қарумен тәсілдер орындау.

**Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері:**

Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы. Ядролық қару және оның сипаттамасы. Химиялық қару. Биологиялық (бактериологиялық) қару. Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары. Теріні қорғаудың жеке құралдары. Ұжымдық қорғану құралдары. Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу. Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі. Техногендік сипаттағы қауіптілік. Экологиялық қауіпсіздік. Халықты шоғырландыру мен көшіру. Табиғи жағдайда автономды өмір сүру. Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері. Террористік акт қауіп кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері. Өртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету. Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек. Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу. Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету

**Технологиялық дайындық:**

Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері. Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері. Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары. Жол белгілері. Ескерту белгілері. Жол белгілері.Тыйым салынған белгілер. Жол белгілері. Нұсқаулық белгілер. Жол таңбалары және олардың сипаттамалары. Қозғалыс жылдамдығы. Өртүрлі жағдайдағы қозғалыс. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 2-2,5 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рыспаев А.Н., Адельбаев Е.Б., Асилов Н.Т., Рихтер А.И., Ерекешев А.М., Усербаев А.С., Саткулов Ж.А., Куптилеуова С.К. 10 сынып 1 бөлім Көкшетау «Келешек-2030» 2020 ж

